



**№ 1 (33)
2014**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлік
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің әділет органдарының 2013 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша кеңейтілген алқа отырысына баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 20 ақпан.....	7
А.А. СМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 193-бабын жетілдірудің кейбір мәселелері.....	12
Конституциялық және әкімшілік құқық	16
Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасындағы киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері.....	16
Л.А. ҚҰСАЙЫНОВА Мемлекеттік қызметтегі заңнама нормалары мен меритократия қағидаттарының арақатынасы туралы.....	21
А.С. ҚОСЖАНОВ Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде нарықтық экономика функцияларын жүзеге асыру әдістері.....	25
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы.....	30
Е.Н. НҰРҒАЛИЕВА Шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің еңбегін құқықтық реттеу мәселелері.....	30
А.Е. ДӘУІТБАЕВА-МҰХТАРОВА Трансплантологияда адамның ағзалары мен ұлпаларын азаматтық құқықтың ерекше объектілері ретінде пайдалану.....	35
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу.....	40
С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің жаңа редакциясы жобасы жетілдіруді қажет етеді.....	40
Н.А. САРТАЕВА Бала құқығын қылмыстық-құқықтық қорғау: Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен оның жобасының жаңа редакциясына салыстырмалы-құқықтық талдау.....	47

М.Н. БАРАНОВ Бала бақытсыздығының себептері.....	57
Е.Т. НҰРМАҒАНБЕТ, А.Қ. ЖӘНІБЕКОВ Адвокат-қорғаушының дәлелдемелерді жинау құқығын иелену мәселесі.....	63
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....	69
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Қазақстан заңнамасына енгізілетін КО (БЭК) нормаларының құқықтық табиғаты.....	69
А.Ж. САҒИДАН, Э.Т. КӘРІБАЕВА Халықаралық дамуға жәрдемдесудің қазақстандық стратегиясын қалыптастыру.....	76
Ж.И. ИБРАГИМОВ Интеграциялық процестердің қалыптасуындағы еуразиялық идеялардың рөлі.....	81
Құқықтық мониторинг.....	86
Т.Т. ҒАЛИЕВ Құқықтық мониторинг туралы.....	86
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен.....	90
Н.М. ПРИМАШЕВ Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалауды ресімдеудің кейбір құқықтық-лингвистикалық мәселелері.....	90
С.Х. ЖҰБАНИЯЗОВА Заңнаманы үндестіру: лингвистикалық-құқықтық аспект.....	94
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Нормативті құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалығы мәселелері.....	98
А.А. МЕДИНАЕВА, Н.А. ХАМЗИНА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі бірізділік мәселелері.....	102
Ж.С. НҰРҒАЛИЕВА Тіл және терминдер әлемі.....	106
М. ӘБДІРЕЕВА, А.Т. БЕКЕН Заң шығармашылығындағы аударма мәселелері.....	109
А.Т. БЕКЕН Радмиссия туралы келісімдерді іске асырудағы кейбір мәселелер.....	112
Шетелдік тәжірибе.....	116
Б.В. МАЛЫШЕВ (Киев қ.) Құқықтық жүйені дамытудың нысаналы детерминациясы...	116
Е.А. ВЫСТОРОБЕЦ (Мәскеу қ.) Интерэкоқұқық және экологиялылық.....	123
Е.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Әкімшілік регламент Украинада әкімшілік қызметтерді ұсыну құралы ретінде.....	130
В.В. ГАРКУША (Днепропетровск қ.) Украинада жол жүру ережелерінің бұзылуын автоматты түрде тіркеу.....	136
Н.А. ПОТАПЕНКО (Киев қ.) Құқықтық білім берудің әлеуметтік құндылығы.....	140
Н.А. БАХШИЕВА (Баку қ.) Францияда әкімшілік сот өндірісін ұйымдастыру және оның ерекшеліктері.....	146
Л.Ю. МАНУКОВА (Днепропетровск қ.) АИТВ-инфекция немесе басқа жазылмайтын жұқпалы немесе соз ауруларын жұқтыруға байланысты қылмыс жасау жағдайы.....	150
М.А. КОЛЕСНИКОВ (Днепропетровск қ.) Украинада жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша әкімшілік қызметтерді ұсынуды жүргізуді белгілеуге қатысты.....	155
Ж.Т. МУСАЕВА (Бишкек қ.) Пәтер ұрлықтарын жасайтын тұлғалар туралы деректер...	160

Жас ғалым мінбері.....	164
Г.К. ТӨЛЕНОВА Тұрғын үй құрылысы қатынастарын зәңі рәсімдеу мәселелері.....	164
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Модельдік заңнама актілері интеграциялық бірлестіктерге мүше- мемлекеттердің ұлттық заңнамасын жақындату аспабы ретінде.....	169
К.К. АХМЕТОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА ЕО корпоративтік заңнамасы интеграциялық процестердің даму факторы ретінде.....	172
Р.Е. ЖАҚЫПОВ, М.Х. ХАСЕНОВ Ең төменгі әлеуметтік стандарттар және кепілдіктер туралы.....	176
С.М. ШӘМШІНҰРОВА Тәуелсіз сот: тарихы және қазіргі заманғы жағдайы.....	182
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Салықтарды төлеуден жалтарушы тұлғаның демографиялық, әлеу- меттік жағдайы.....	188
О.С. БЕКТИБАЕВА Қылмыстық істер бойынша қорғау жағдайының тактикалық шешу алгоритмінің ұғымы.....	193
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Польша елі қылмыстық құқығының кейбір ерекшеліктері.....	197
Т.М. БАЙМАҒАМБЕТОВ Киберқылмыстылық: ақпарат көлемінің жаһандық өсуінің салдары ретінде қылмыстардың кейбір түрлері.....	202
А.К. МАХАМБЕТОВА Сот сараптамасының қылмыстық іс жүргізудегі маңыздылығы..	208
М.Е. ТҰРҒЫМБАЕВ Мұсылман құқығындағы қылмыс ұғымы мен белгілері мәселелері.....	212
Д.Қ. АХМЕТОВА Кейбір шетелдік заңнамаларда қылмыс жасаған тұлғаның өзінің кінәсін мойындауының реттелуі.....	217
Р.Ж. ҚОЖАХМЕТОВА Жеке сот орындаушысы институты әрекет етуде.....	223
А.С. МЕЙРМАНОВА Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап: негізгі мәселелер және келешекте дамуы.....	227
М.О. САРИМОВА Бала асырап алу туралы азаматтық істерді прокурордың қатысуымен қарау.....	232
Ақпараттық хабарламалар	237
2013 ж. 7 қарашада Астана қ. өткізілген «Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама.....	237
2013 ж. 15-16 қарашада Алматы қ. өткізілген Әкімшілік құқық бойынша «Әкімшілік рәсімдердің жалпы құқығы және оның жария құқықтың арнайы салалары үшін маңызы» атты IV халықаралық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	241
2014 ж. 5 наурызда Астана қ. өткізілген «Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің жобасы: қазіргі жағдайы және перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	243
Даналық ойлар	245
Мерейтой	246
ҚР Парламенті Мәжіліс аппаратының редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі, Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Дәуітәлі Омашұлына - 55 жыл.....	246
З.ғ.д., профессор Ж.С. Елубаевтың туғанына 60 жыл.....	248
З.ғ.д., профессор М.С. Бейбітовтің туғанына 60 жыл.....	250



**№ 1 (33)
2014**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нургаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Пресс-релиз к расширенному заседанию коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам работы органов юстиции за 2013 год, г. Астана, 20 февраля 2014 года.....	7
А.А. СМАГУЛОВ Некоторые вопросы совершенствования статьи 193 Уголовного кодекса Республики Казахстан.....	12
<i>Конституционное и административное право</i>	16
Н.А. БИЕКЕНОВ Некоторые проблемы обеспечения кибербезопасности в Республике Казахстан.....	16
Л.А. КУСАИНОВА О соотношении норм законодатель- ства и принципов меритократии на государственной службе.....	21
А.С. КОСЖАНОВ Методы осуществления функций рыноч- ной экономики в Республике Казахстан как правовом государстве.....	25
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право.....</i>	30
Е.Н. НУРГАЛИЕВА Проблемы правового регулирования труда работников субъектов малого предпринимательства	30
А.Е. ДАУТБАЕВА-МУХТАРОВА Использование органов и тканей человека в трансплантологии, как особых объектов гражданского права.....	35
<i>Уголовное право и уголовный процесс.....</i>	40
С.М. РАХМЕТОВ Проект новой редакции Уголовного кодекса Республики Казахстан нуждается в совершенство- вании.....	40
Н.А. САРТАЕВА Уголовно-правовая охрана прав детей: сравнительно-правовой анализ Уголовного кодекса Республики Казахстан и проекта его новой редакции.....	47

М.Н. БАРАНОВ Причины детского несчастья.....	57
Е.Т. НУРМАГАНБЕТ, А.К. ЖАНИБЕКОВ Проблемы правообладания в собирании доказательств адвоката-защитника.....	63
Международное право и сравнительное правоведение.....	69
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовая природа норм ТС (ЕЭП), инкорпорируемых в законодательство Казахстана.....	69
А.Ж. САГИДАН, Э.Т. КАРИБАЕВА Формирование казахстанской стратегии содействия международному развитию.....	76
Ж.И. ИБРАГИМОВ Роль евразийских идей в становлении интеграционных процессов.....	81
Правовой мониторинг.....	86
Т.Т. ГАЛИЕВ О правовом мониторинге.....	86
Из практики законотворчества на государственном языке.....	90
Н.М. ПРИМАШЕВ Некоторые юридико-лингвистические проблемы регламентации государственного контроля и надзора в Республике Казахстан.....	90
С.Х. ЖУБАНИЯЗОВА Гармонизация законодательства: лингвистическо-правовые аспекты.....	94
Г.К. АКЫЛБЕКОВА Проблемы аутентичности текстов нормативно-правовых актов на казахском и русском языках.....	98
А.А. МЕДИНАЕВА, Н.А. ХАМЗИНА Вопросы единообразия Гражданского кодекса Республики Казахстан.....	102
Ж.С. НУРГАЛИЕВА Мир языка и терминов.....	106
М. АБДРЕЕВА, А.Т. БЕКЕН Вопросы перевода в законотворчестве.....	109
А.Т. БЕКЕН Некоторые вопросы реализации соглашений о реадмиссии.....	112
Зарубежный опыт.....	116
Б.В. МАЛЫШЕВ (г. Киев) Целевая детерминация развития правовой системы.....	116
Е.А. ВЫСТОРОБЕЦ (г. Москва) Интерэкоправо и экологичность.....	123
Е.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Административный регламент как средство предоставления административных услуг в Украине.....	130
В.В. ГАРКУША (г. Днепропетровск) Автоматическая фиксация нарушений правил дорожного движения Украины.....	136
Н.А. ПОТАПЕНКО (г. Киев) Социальная ценность правового образования.....	140
Н.А. БАХШИЕВА (г. Баку) Организация и особенности административного судопроизводства во Франции.....	146
Л.Ю. МАНУКОВА (г. Днепропетровск) Обстановка совершения преступлений, связанных с заражением ВИЧ-инфекцией, или другой неизлечимой инфекционной болезнью, или венерическими болезнями.....	150
М.А. КОЛЕСНИКОВ (г. Днепропетровск) Относительно определения производства предоставления административных услуг по государственной регистрации прав на недвижимое имущество в Украине.....	155
Ж.Т. МУСАЕВА (г. Бишкек) Данные о лицах, совершающих квартирные кражи.....	160

Трибуна молодого ученого..... 164

Г.К. ТУЛЕНОВА Вопросы юридического оформления отношений по строительству жилых домов.....	164
М.Е. ЖУМАБАЕВА Модельные законодательные акты как инструмент сближения национального законодательства государств-членов интеграционных объединений.....	169
К.К. АХМЕТОВ, Ж.С. ДАИРОВА Корпоративное законодательство ЕС как фактор развития интеграционных процессов.....	172
Р.Е. ЖАКУПОВ, М.Х. ХАСЕНОВ О минимальных социальных стандартах и гарантиях....	176
С.М. ШАМШИНУРОВА Независимый суд: история и современность.....	182
Г.Б. КАРЖАСОВА Социально-демографическое состояние личности преступника, уклоняющегося от уплаты налогов.....	188
О.С. БЕКТИБАЕВА Понятие алгоритма тактического разрешения ситуации защиты по уголовным делам.....	193
Д.Ш. ТОКЕЕВ Некоторые особенности уголовного права Польши.....	197
Т.М. БАЙМАГАМБЕТОВ Киберпреступность: некоторые виды преступлений, как следствие глобального роста объема информации.....	202
А.К. МАХАМБЕТОВА Важность судебной экспертизы в уголовном процессе.....	208
М.Е. ТУРГУМБАЕВ Проблемы понятия и признаков преступления в мусульманском праве.....	212
Д.К. АХМЕТОВА Урегулирование признания лицом своей вины в совершении преступления в некоторых зарубежных законодательствах.....	217
Р.Ж. КОЖАХМЕТОВА Институт частного судебного исполнителя в действии.....	223
А.С. МЕЙРМАНОВА Гражданский иск в уголовном деле: проблемы и перспективы развития.....	227
М.О. САРИМОВА Рассмотрение гражданских дел об усыновлении (удочерении) с участием прокурора.....	232

Информационные сообщения 237

Информационное сообщение о круглом столе «Гармонизация законодательства государств-членов Таможенного союза и Единого экономического пространства», г. Астана, 7 ноября 2013 г.....	239
Информационное сообщение о IV-й Международной конференции по административному праву «Общее право административных процедур и его значение для специальных отраслей публичного права» г. Алматы, 15-16 ноября 2013 г.....	242
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Проект Предпринимательского кодекса Республики Казахстан: состояние и перспективы», г. Астана, 5 марта 2014 г.....	244

Мудрые мысли 245**Юбилей 246**

Зав.отделом редактирования и перевода Аппарата Мажилиса Парламента РК, члену Государственной терминологической комиссии Дәуітәлі Омашұлы – 55 лет.....	246
Д.ю.н., профессору Елюбаеву Ж.С. – 60 лет.....	248
Д.ю.н., профессору Бейбитову М.С. – 60 лет.....	250



Саримова Марал Орынбасарқызы,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы Сот төрелігі институтының
2-курс магистранты

БАЛА АСЫРАП АЛУ ТУРАЛЫ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІ ПРОКУРОРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚАРАУ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабының 2-бөлігінде балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата-ананың етене құқығы әрі міндеті деп бекітілген [1]. Әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығын, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығын, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығын [2] қамтамасыз ету қазіргі кезде қоғамымызда өткір тұрған мәселелердің бірі.

Әлемдік қауымдастық кәмелетке толмағандарды ерекше құқықтық қорғау қажет екендігіне назар аударады. 1993 жылы біздің мемлекетіміз қосылған, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы 44 сессиясында балалар құқығы туралы Конвенцияның қабылдануы бұл бағыттағы айтулы оқиға болды [3].

Бұл – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі бекітілген алғашқы халықаралық құжаттардың бірі. 2002 жылдың 8 тамызында «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң қабылданды, бұл заңға Конвенцияның негізгі ережелері, сондай-ақ қолданыстағы заңнама құрамында бар ережелер кірді. Жаңа енгізілімдер қосымша пайдалану үшін жаңа заңнамалық актілерді қабылдауды талап етті. Қазақстан қосымша халықаралық құжаттарды ратификациялады: Бала еңбегінің аса нашар түрлерін жою жөніндегі шұғыл шаралар мен тыйым салу туралы Конвенция, Женева, 1999 жыл 17 маусым (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңымен ратификациялаған); Балаларды саудалау, балалар жезөкшелігі мен балалардың арнайы шығармаларына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 2000 жыл 6 қыркүйек, (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған); Балалардың

қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты баланың құқықтары туралы Конвенцияға факультативтік хаттама, Нью-Йорк, 6 қыркүйек 2000 жыл (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілдедегі Заңымен ратификациялаған); Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек туралы Конвенция, Женева, 1930 жылғы 28 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 жылғы Заңымен ратификацияланған); Жұмысқа қабылдауға арналған ең төменгі жас туралы Конвенция, Женева, 1973 жылғы 6 маусым (Қазақстан Республикасының 14.12.2000 жыл Заңымен ратификацияланған); Әйелдерді кемсітудің барлық түрлерін жою туралы Конвенция, 1979 жылғы 18 желтоқсан (Қазақстан Республикасының 29.06.1998 жылғы қосылу туралы Заңы). 1994 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы ратификацияланған сәттен бастап, Қазақстан Үкіметімен балаларды қорғауға арналған халықаралық құқықтың негізгі ережелерін қолданыстағы заңнамаға имплементациялау бойынша жеткілікті жұмыс жүргізілді [4].

Сөйтіп, Қазақстан Республикасында бала асырап алу туралы азаматтық істер бойынша балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, олармен қатынасқа түсуді реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің ішінен мына негізгілерін бөліп айтуымызға болады: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы заңы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының қаулылары мен Бас прокуратураның бұйрықтары.

Қазақстан Республикасында заңдылықтың сақталуы мен азаматтардың құқықтарын

қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар құрылымында Прокуратура басымдылық орынға ие. Ол мемлекетімізде заңдылықтың дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына жоғарғы қадағалауды жүзеге асырады [5]. Прокуратура органдары қай бағытта жұмыс істесе де оның негізгі мақсаты азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Ең әуелі прокуратура құқық қорғаушы орган, бұл Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген нормалардан шығады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін кепілдіктерін қамтамасыз ету – прокуратура органдарының міндеті болып табылады. Прокурорлар заң бұзушылықты табу және жіберілген қателіктерді жоятын жалпы қадағалаушылық, азаматтық-құқықтық, қылмыстық-құқықтық құралдар арқылы олардың қорғауын жүзеге асырады [6].

Кәмелетке толмағандарға қатысты заңнамалардың қолданылуын қадағалаған кезде прокурорлар төмендегілерге аса көңіл бөлулері тиіс:

- Ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау

- Олар анықталған жағдайда қамқоршы және қорғаншы органдарының арнайы тізімге енгізілуін тексеру

- Ол тізімнің ұдайы жаңартылуы және асырап-алушылар үшін қолжетімді болуын қадағалауды

- Шетел азаматтары асырап алуға тілек білдірген жағдайға дейін, баланы Қазақстандық азаматтарға ұсынылуын тексеруге

Жоғарыда аталған фактілер бойынша тексеріс кезінде прокурорлармен көптеген заң бұзушылықтар анықталып отырады. Олар бойынша бірден жауапты мекемелерге прокурорлық ықпал ету актілері бағытталады. Мұндай қателіктер мен заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін олардың көбісі кеңестерде, семинарларда, халықаралық ғылыми конференцияларда, БАҚ-да айтылады. Прокурорлармен мемлекеттік ұйымдарға және жеке азаматтарға болашақта заң бұзушылықтарды болғызбау үшін алдын алу жолдары туралы мысалдар мен тәжірибелік ұсынымдар жасалып жүр.

Республикамызда жүргізілген мұндай тексеріс қорытындылары нәтижесінде көптеген лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылған, тіпті кей жағдайларда әрекеттерінде немесе әрекетсіздіктерінде қылмыс құрамы орын алып қылмыстық істер қозғалып жатуда.

Прокуратура органдарымен жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, елімізде тастанды

қалған жетім балалардың саны күннен-күнге артып келеді. Өмір жолында жетім қалған осы балаларға қамқорлық жасаудағы дұрыс шешім оларды отбасылық махаббатқа толы жанұяға орналастыру болып табылады [7].

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнамасында берілген анықтамаға сәйкес бала асырап алу - нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер туындайтын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны деп көрсетілген [8].

Отандық ғалымдар Б. Айтжан, Т. Шіркінбаев [9] асырап алу деп асырап алушы мен асырап алынушы арасында, ата-ана мен бала арасында пайда болатын құқықтар мен міндеттерден туындайтын заңи актіні айтады.

Ресей ғалымдары Е. Ворожейкин мен В. Грачев «асырап алу - бұл туған ата-анасы мен баласы арасындағы секілді құқықтық қатынастарды асырап алушы мен бала арасында тудыратын заңи акт» - деп анықтайды [10].

Келтірілген ұғымдармен келісе отырып, бала асырап алу туралы ұғымына келесі анықтаманы ұсынар едік, яғни бала асырап алу дегеніміз ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың тиімді нысаны және де азаматтық сот өндірісі тәртібінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың тәсілдерінің бірі.

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 84-бабының 1-бөлігіне сәйкес, тууы белгіленген тәртіппен тіркелген және толық тән саулығы, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуын қамтамасыз ету мүмкіндіктері ескеріле отырып, кәмелетке толмаған балаларға қатысты тек қана солардың мүддесінде асырап алуға жол беріледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің ережелеріне сәйкес бала асырап алу туралы істер соттың ерекше іс жүргізі тәртібімен қаралатын істер категориясына жатады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 13 желтоқсандағы №151 бұйрығымен бекітілген Азаматтық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру және соттарда мемлекеттің мүддесіне өкілдік ету туралы нұсқаулықтың 8-тармағына сәйкес прокурорлар мынадай істер бойынша міндетті

түрде процеске қатысады ата-ана құқығынан айыру, оны қалпына келтіру, шектеу туралы, бала асырап алу туралы, бала асырап алудың күшін жою туралы (АІЖК-нің 36-1 тарауы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексінің 13-тарауы [11].

Бұл азаматтық істерде балалардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты болғандықтан прокурордың міндетті түрде қатысуы айтылған.

Прокурор сот процесіне қатысқан кезде материалды және процессуалды құқық нормаларын дұрыс қолдану қажет. Прокурор мұндай істерге қатысқан кезде сотпен бірге сұрақтарды нақты тексеруі тиіс, яғни бала асырап алуға негіздердің бар, жоқтығын; Бала асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасының заңға сәйкестігін; Асырап алу балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмеген, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тәрбиеленген ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындасарды) әртүрлі адамдардың асырап алуға бола ма; Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есебінде тұрған балалар Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына және азаматтығына қарамастан балалардың туыстарына асырап алуға мүмкіндігі жойылды ма; Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, балаларды асырап алуға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары баланы жеке өзі таңдауға, онымен кемінде екі апта тікелей қатынасуға, ал Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер асырап алушы баламен кемінде төрт апта тікелей қатынаста болғандығын немесе болмағандығын; асырап алынушы бала 10 жасқа толса, оның келісімі бар ма; егер ата-анасы баладан бас тартса олардың әрекеттерінің заңға сәйкес жасалды ма.

Сөйтіп прокурор сотпен бірге жоғарыда аталған сұрақтарды егжей-тегжей тексеріп келе, іс бойынша өзінің дәлелді қорытындысын беріп, сот шешімінің заңдылығын қадағалайды.

Тәжірибелік материалдар мен қаралған азаматтық істерді зерттеу қорытындысы бойынша төмендегі ұсыныстар туындайды:

1. Балалар үйінің толыққанды қызметі үшін материалдық базасын жақсарту

2. Отбасы түріндегі балалар үйін дамытып, оларға жағдайлар туғызып жеңілдіктер беру. Себебі, әртүрлі салалардағы (медицинада, психологияда, әлеуметтануда) жүргізілген зерттеулер нәтижелері баланың рухани, психикалық, физикалық және адамгершілік жағынан дамуына ата-анасының қамқорлығы мен махаббатының рөлі маңызды екеніне көз жеткізеді [12]. Сол себепті жетім балаларды балалар үйіне орналастыруға қарағанда, отбасыға орналастыру тиімдірек.

3. Асырап алушы мен асырап алушы арасындағы жас айырмасының 45 жастан аспау туралы норманы алып тастап, тіпті мұндай асырап алуға үміт білдірген тұлғаларға процессуалдық жеңілдіктер қарастыру. Мысалға: Егерде 10 жасқа толған баланы 58 жасқа толған ерлі-зайыптылар тілек білдірсе, олардың жас айырмасы заңда көзделген 45 жастан асып кетіп тұр. Бірақ, ол ерлі-зайыптылардың денсаулық, тұрмыс жағдайы өте жақсы, әлі де ауқатты болады. Демек ол адамдар 70 жасқа келген күні асырап алынған бала 22 жаста болады. Ол кезге ол бала оқуын тәмамдап, қарт ата-аналарының қол қанатына болмайтынына кімде күмән бар? Сол себепті еліміз сол күнде шешкен мәселесі, бүгінгі күнде екі жақтың да бақытты болуы. Қарттарымыз да қараулы, жастарымыз да бағулы емес пе?

4. Тағы да айта кететін бір мәселе перзентханаға жүкті әйел босануға түсіп, туылған баласынан заңды түрде бас тартқан жағдайда, оның ата-анасы мен туылған баланың әкесі туралы толық мәліметтер алу. Ананың баласынан бас тартуына байланысты баланы бағуды әкесіне ұсыну керек, баланың әкесі де бас тартқан жағдайда жақын туыстарына ата-әжелеріне немесе өзге бауырларына ұсыну

5. Асырап алушыларға, жалғыз басты асырап алушыларға мемлекетімізбен аса көңіл бөліп, жеңілдіктер қарастыру туралы.

Кәмелетке толмағандарға қатысты проблемалар әр уақытта болған және болады. Дегенмен бала құқықтарын қорғау ұлттық саясатымыздың басты бағыттары екенін естен шығармай, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай өмірдің қиын жағдайында қалған бүлдіршіндерімізге әр уақытта қамқорлық танытып, көмек көрсеткеніміз дұрыс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл. - Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2011. - 44 бет.
2. Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы заңы. - Алматы: Юрист, 2013.
3. Дулатбеков Н., Ювенология: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2010.
4. Исмұханова Г.Г., Файзуллина А.К. (3-ші бөлім). Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қызметінің негізгі бағыттары (Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының көмекші кітабы). Әдістемелік құрал. – Астана: «Агроиздат», 2009. – 208 б.
5. Правозащитное предназначение органов прокуратуры на современном этапе. - Материалы международной научно-практической конференции. - Алматы, 23-24 ноября 2004 года - А: ДП Эдельвейс, 2005 год, 207 бет.
6. Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.Қ., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау: Оқулық. Астана: ЖШС Әділет, 2005 жыл. - 267 бет.
7. Джумағалиева К. Бала (қыз) асырап алу мәселелерінің құқықтық реттелуі // Әділ сот. №2/2011, 18бет.
8. Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі. -Алматы: Жеті жарғы, 2013. - 152 бет.
9. Айтжан Б.Е, Шіркінбаев Т.Б., Отбасы құқығы: Оқу құралы (көмекші оқу құралы). - А: Жеті жарғы, 2006.
10. Ворожейкин Е.М., Грачев В.А. Комментарий к законодательству о регистрации актов гражданского состояния. - М., 1977. - 62 бет.
11. <http://prokuror.gov.kz/kaz/kuzhattar/bas-prokurordyn-zharlyktary/azamattyk-ister-boyynsha-sot-aktiterinin-zandylygyn>
12. Обуковский К. Психология влечений человека. - М., 1972. - 161 бет.
13. Муратова С.А. Семейное право: учебник. - М., 2009. - 260 бет.
14. Коршунов Н.М. Участие прокурора в гражданском судопроизводстве: учебное пособие. - М., 2010.-126 бет.
15. Хусаина К.Ш. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 962 бет.



*Мақалада прокурордың қатысуымен бала асырап алудың құқықтық институты қарастырылған.
Түйін сөздер: бала, бала асырап алу, прокурор.*

*В статье рассматривается правовой институт усыновления с участием прокурора.
Ключевые слова: ребенок, усыновление, прокурор.*

*In the article considers the legal institute of adoption with participation of the prosecutor.
Keywords: child, adoption, prosecutor.*

Марал Орынбасарқызы Саримова,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Сот төрелігі институтының 2-курс магистранты
Бала асырап алу туралы азаматтық істерді прокурордың қатысуымен қарау

Саримова Марал Орынбасаровна,

магистрант 2-го курса Института правосудия Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан

Рассмотрение гражданских дел об усыновлении (удочерении) с участием прокурора

Sarimova Maral Orynbasarovna,

2 year undergraduate institute of Justice, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan

Consideration of civil cases about adoption with participation of the prosecutor

